

Глияс Есенберлин атындағы №67 гимназиясы
«Отбасы құндылығы» жалпы ата-аналар жиналысы

Өткізілетін күні: 20.09.2023ж.

Өткізілу уақыты: 18.00

Қатысушылар: 1-сынып ата-аналары, 1-сынып жетекшілері қатысқаны - 325

Күн тәртібі:

1. 2023-2024 оқу жылының мектеп ақпараты - Директордың м.а. Г. Оналбаева
2. «Өз балаңа үлгі бол» ата-аналармен психологиялық тренинг- психолог Н. Кәдіршін
3. Топтық жұмыс: «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ықпалы», «Мен қандай ата-анамын?» рөлдік ойын – психолог Б. Тусунова.
4. Сыныптың ата-аналар жиналысы:
 1. 2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстары туралы
 2. Оқушылардың өмір қауіпсіздігі ережесін сақтау дәптері

ТЫНДАЛДЫ:

1. Гимназия директорының м.а. Г. Оналбаева: 2023-2024 жаңа оқу жылының мектеп ақпараты таныстырып өтті. Биылғы оқу жылында Гимназия бойынша сыныптар саны: (1-11) – 111
Гимназия бойынша оқушылар саны: (1-11) - 3126
Барлығы 1-4 сыныптарда 44 сынып, Оқушы саны –1360
I ауысым – 23 сынып – 694 оқушы
II ауысым - 21 сынып – 666 оқушы

Мектептің ішкі тәртіп ЕРЕЖЕСІ: Мектеп формасы сақтау- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығы - оқушыларға үзіліс және сабақ уақытында мектеп ауласынан шықпауға.- жоғалған бағалы заттарға (алтын бұйымдар, ұялы телефондар) гимназия әкімшілігі жауап бермейді. Талаптар орындалмаған жағдайда мұғалім, гимназия әкімшілігі жоғарыда көрсетілген заттарды (ұялы телефон, плеер т.б.) сақтауға, алып қоюға құқылы. Сақтауға алынған заттар ата-аналарға немесе қамқоршыларына беріледі



2. психолог Н. Кәдіршін «Өз балаңа үлгі бол» ата-аналармен психологиялық тренингті ата-аналардың қатысуымен жүргізді. Ата-аналарды 3 топқа бөліп, алақан, күн, шаңырақ үлгіде «Отбасындағы тәрбие құндылықтары» тақырыбына плакат бетіне түсіріп, оны таныстыруды өткізді. Ата-аналар белсенділігі жоғары қатысты. Психологиялық, рухани тәрбиені бала бойына қалай сіңіруге болатыны жайында ойларын бөлісті.
3. Психолог Б. Тусунова сөз алды: «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ықпалы» және «Мен қандай ата-анамын?» рөлдік ойынды ата-аналармен бірге жүргізді. Ата-аналарды әр түрлі адам рөлінде бейнелеуге және қойылған сауалдарға жауаптар арқылы алға қадам басып, сол ойынның мақсатын түсіндіріп өтті.
4. Сыныптың ата-аналар жиналысы: II бөлім сыныптар бойынша ата-аналар жиналысы жалғасты.
 - 2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстары туралы
 - Оқушылардың өмір қауіпсіздігі ережесін сақтау дәптері

Жиналысқа қатысушы ата-аналар арасынан сұрақтар қойылды:

- Ата-ана Рахмет Ақжібек сөз алды: оқушыларға мектепте қандай үйірмелер бар?
- Жауап: домбыра, би, қылқалам үйірмелері факультатив сабақтары арқылы бастауыш сыныптарда жүргізіледі. Ақылы қызметте қазақша күрес бар.
- Ата-ана Сарбаева Сафира сөз алды: мектептегі жобаларға ата-аналар қатысуына бола ма?
- Жауап: бағана мектеп туралы таныстыру барысында ата-аналарға арналған бірнеше жобалар аталды, соның ішінде өзіңізге жақын жобаға мыс. «Отбасылық оқырмандар», «Бақытты отбасы» жобалары бар.

Қаулы:

1. 2023-2024 оқу жылындағы мектептің оқу-тәрбие процесіне ата-аналарды қатыстыру белсенділігін арттыру –жауапты: сынып жетекшілер
2. Ата-аналарға арналған психологиялық тренингтерді сынып сағаттарында және мектепшілік іс-шараларда жиі өткізу- жауаптылар: психологтар Б. Тусунова. Н. Кәдіршінге тапсырылсын.

Хатшы:



Г. Амирова